

## Спорт кешенінің құрылысына қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 қараша N 1810

"Астана қаласын 1999 жылы дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 ақпандағы N 161 Р990161\_ қаулысын іске асыру және спорт кешенінің бірінші кезегін уақытында тапсыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне 1999 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражаттың есебінен спорт кешенінің құрылысын қаржыландыру үшін 30 (отыз) миллион теңге бөлсін;

бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.